



## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН Ш Е Ш І М

2024 жылғы 16 ақпан № 5165-24-00-2/201 іс

Түркістан қаласы

Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы К.Ш. Мырзахметов оңайлатылған тәртіппен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

### **ТАЛАП ҚОЮШЫ:**

«Халықаралық туризм және меймандостық университет» коммерциялық емес акционерлік қоғамы

### **ЖАУАПКЕР:**

«Tender Masters» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

### **ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:**

1. Мемлекеттік сатып алудың жозықсыз қатысушысы ретінде тану
2. Тұрақсыздық сомасы 48 388 теңгені өндіру

### **ҚАРАР БӨЛІГІ:**

АПК-нің 109, 117, 223-226, 267-4 баптарын басшылыққа ала отырып,  
сот,

### **ШЕШІМ ЕТТІ:**

Талап қоюшы «Халықаралық туризм және меймандостық университет» коммерциялық емес акционерлік қоғамының талап қоюы толық қанағаттандырылсын.

Жауапкер «Tender Masters» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алудың жозықсыз қатысушысы ретінде танылсын.

Жауапкер «Tender Masters» жауапкершілігі шектеулі серіктестіктен мемлекеттің пайдасына мемлекеттік баж салығы 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге өндірілсін.

Жауапкер «Tender Masters» жауапкершілігі шектеулі серіктестіктен талап қоюшы «Халықаралық туризм және меймандостық университет» коммерциялық емес акционерлік қоғамының пайдасына тұрақсыздық



сомасы 48 388 (қырық сегіз мың үш жүз сексен сегіз) теңге, төленген мемлекеттік баж салығы 1 452 (бір мың төрт жүз елу екі) теңге өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда - сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде Түркістан облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы шағым, прокурор өтінішхатты келтіруге ерікті.

**Судья**

**К.Ш. Мырзахметов**

